# ҚАБЫРШАҚҚАНАТТЫЛАР ОТРЯДЫ

Орындаған: Төреханова П.
Тексерген: Жексенбай Б.

# ЖОСПАР.

1. Жүйесі немесе систематикасы.
2. Сыртқы құрылысы.
3. Ішкі құрылысы.
4. Биологиясы және көбеюі.
5. Түрлері.
6. Зақымдану типтері.
7. Күресу шаралары.
8. Пайдаланылған әдебиеттер.

# СИСТЕМАТИКАСЫ

Буынаяқтылар класы

Жоғарғы сатылы немесе қанатты бунақденелілер класс тармағы

Толық түрленіп дамитын бунақденелілер бөлімі

Қабыршаққанаттылар отряды.

**Қабыршақ қанаттылар**, көбелектер (гр. *Lepidóptera*, көне грекше: λεπίς, көне грекше: λεπίδος — қабыршақ және көне грекше:πτερόν — қанат) – жәндіктер класының бір отряды.

Бұлардың қазба қалдықтары бор кезеңінен белгілі.



# СЫРТҚЫ ҚҰРЫЛЫСЫ.









# Қанатының құрылысы

ЕКІ ЖҰП ҚАНАТТАРЫ БОЛАДЫ, ОЛАРДЫҢ БЕТТЕРІН ҰЛПА ҚАБЫРШАҚ БАСЫП ЖАТАДЫ (ОТРЯДТЫҢ АТЫ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ҚОЙЫЛҒАН). БҰЛ ҚАБЫРШАҚТАР КӨБЕЛЕКТІҢ ҚАНАТТАРЫН АЛУАН ТҮСКЕ ҚҰБЫЛТЫП ТҰРАДЫ. ҚАБЫРШАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ, ОНДАҒЫ ПИГМЕНТ ТҮСІ ӘРБІР ТҮР, ЖҮЙЕЛЕНІМДІК ТОПТА ӘР ТҮРЛІ БОЛАДЫ. ҚАНАТТАРЫ БІР-БІРІМЕН ІЛМЕК АРҚЫЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ. ҚАНАТЫНЫҢ ТҮСІ АРҚЫЛЫ КҮНДІЗ ҰШАТЫН КӨБЕЛЕКТЕР ӨЗ ТҮРІНЕ ЖАТАТЫН КӨБЕЛЕКТЕРДІ АЖЫРАТАДЫ, СОНДАЙ-АҚ ҚАНАТЫНЫҢ ТҮСІ МЕН ОНЫҢ БЕТІНДЕГІ ӨРНЕГІНІҢ ҚОРҒАНЫШТЫҚ ТА МАҢЫЗЫ БАР.

ҚАБЫРШАҚ ҚАНАТТЫЛЫРДЫҢ ДЕНЕСІНІҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 3 – 8 ММ-ДЕН 200 – 300 ММ-ГЕ ДЕЙІН ЕҢ ІРІСІ – ОҢ ТҮСТІК АМЕРИКАЛЫҚ ҚОҢЫР КӨБЕЛЕК (ЖАЙҒАН ҚАНАТЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ 30 СМ-ДЕЙ), ЕУРОПА КӨБЕЛЕКТЕРІНЕН – ЕМЕН КӨБЕЛЕГІНІҢ ҚАНАТЫ 12 – 15 СМ. АУЗЫ ГҮЛДІҢ ШЫРЫНЫН СОРУҒА БЕЙІМДЕЛГЕН, ҰЗЫН ТҰМСЫҚҚА АЙНАЛҒАН. ТЫНЫШТЫҚ КҮЙДЕ ОЛ ШИЫРШЫҚТАЛЫП ОРАЛЫП ЖАТАДЫ. КЕЙБІР ТҮРЛЕРІНДЕ МҰНДАЙ ТҰМСЫҚ ЖЕТІЛМЕГЕН. ДЕНЕСІ БАС, КЕУДЕ ЖӘНЕ ҚҰРСАҚ БӨЛІМДЕРІНЕН ТҰРАДЫ. БАСЫНДА БІР ЖҰП ФАСЕТТІ КӨЗДЕРІ, КӨЗШЕЛЕРІ ЖӘНЕ ИІС, ДӘМ СЕЗУ ҚЫЗМЕТІН АТҚАРАТЫН МҰРТШАЛАРЫ ОРНАЛАСҚАН. БҰЛАРДЫҢ КӨРУ ОРГАНЫ ЖАҚСЫ ЖЕТІЛГЕН. ДӘМ СЕЗУ ОРГАНДАРЫ ТЕК АУЗЫНДА ЕМЕС, КЕЙДЕ АЯҒЫНДА ДА БОЛАДЫ. КЕУДЕСІНДЕ ҮШ ЖҰП АЯҚТАРЫ ЖӘНЕ ЕКІ ЖҰП ҚАНАТТАРЫ БАР. ҚҰРСАҒЫНДА 2 – 5 ҚОС «ЖАЛҒАН» АЯҚТАРЫ БОЛАДЫ.




# БАС АППАРАТЫ




# ІШКІ ҚҰРЫЛЫСЫ

Жер шарында кең тараған. Қабыршақ қанаттылырдың 200-ге жуық тұқымдасқа бірігетін 140 мыңдай түрі белгілі. Қазақстанда 3 мыңнан астам түрі кездеседі.



# КӨБЕЮІ




Қабыршақ қанаттылыр түрленіп дамиды, яғни жұмыртқадан дернәсіл сатысына өтіп, одан қуыршаққа, қуыршақтан ересек түрге айналады. Қабыршақ қанаттылырдың дернәсілі – жұлдызқұрт. Қабыршақ қанаттылырға ғана тән ерекшелік – жұмыртқасының әр түрлі пішінді болуы.

Қабыршақ қанаттылыр өсімдіктің гүл шырынымен, жемістердің тәтті нәрімен, т.б. қоректенеді.

# Размножение и развитие бабочек








Гусеница
капустной белянки

Көптеген түрі кеште, түнде ұшады. Түнде ұшатын жоғары сатыдағы Қабыршаққанаттылырда есіту органы болатыны анықталған.

Қабыршақ қанаттылырды 3 отряд тармағына

бөледі: *жақты көбелектер* (Laciniata); *тең қанаттылар* (Iugata) және *әр түрлі қанаттылар* (Frenata). Қазақстанда кездесетін негізгі тұқымдастары: ақ көбелек, көгілдір көбелек, емен көбелегі, барқыт көбелек, бұйра көбелек, мүр көбелек, қан көбелек, түн көбелектері, нимфалидалар, т.б. Қабыршақ қанаттылырдың өте сирек кездесетін кейбір түрлері қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Мыс., Тянь-Шань аполлоны, өкшелі сұр көбелек, жолақты тораңғы көбелегі, махаон көбелегі, т.б. Қабыршақ қанаттылырдың 1 мыңнан астам түрлері – екпе өсімдіктердің зиянкестері. Олардың жұлдызқұрттары өсімдіктерді жейді. Әсіресе күздік дақылдар және бидай қоңыр көбелектері, дән қоңыр көбелегі, беде, жоңышқа, капуста, күнбағыс қоңыр көбелектерін атауға болады. Қабыршақ қанаттылырдың орман ш-на зиян келтіретін түрлері де көп (қарағай көбелегі, сақина көбелегі, т.б.). Ал кәдімгі күйе көбелектері үйде, қоймада тіршілік ететіндіктен түрлі тағамдар мен теріден тігілген және жүннен тоқылған киімдерді, жиһаз көбелегі ағаштан жасалған жиһаздарды бүлдіреді. Қабыршақ қанаттылырдың табиғатта пайдасы да бар. Мыс., олар гүлді өсімдіктерді, әсіресе, гүлі түнде ашылатын өсімдіктерді тозаңдандырады. Қабыршақ қанаттылырдың кейбір түрінің жібек пілләсі пайдаланылады (тұт, емен, айлант жібек көбелектері).




# КӨБЕЛЕКТІҢ ТИПТЕРІ




# КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫ

Капуста көшетін ертерек отырғызу керек. Міндетті түрде ә жапырағын қарап шыққан жөн. Айналасындағы арамшөртерді уақытылы жойып, Танап тазалығын қадағаласақ, жақсы өнім аламыз

амбушем (0,08%), белофосом (0,08%), талкордом (0,08%), анометрином (0,04%), нуреллом (0,03%), рипкордом (0,02%), ровикуртом (0,02%), сумицидином (0,05%), фоксимом (0,2%), цианоксом (0,2%), цимбушем (0,06%), этафосом (0,2%).

# ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.

Қазақстан Энциклопедиясы

Жоғарыға көтеріліңіз↑ Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2002 жыл.

www.yandex.ru, www.wikipedia.kz.